

Білім сабағының тақырыбы: "Мен елімнің кішкентай патриотымын!"

Мақсаты: қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы-патриот тәрбиелеу.

Кешенді міндеттері:

- білім алушылардың жаңа білімді, ақпараттық ресурстарға сүйене отырып зияткерлік қажеттіліктерін меңгеруін қамтамасыз ету;
- білім алушылардың ұлттық рәміздер, негізгі құндылықтар, жаңа қазақстандық патриотизм, мәдени-генетикалық код, «Мәңгілік Ел», жаңғырту, ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, меритократикалық қоғам», «білімнің салтанат құруы» ұғымдарын меңгеруге көмектесу;
- білім алушылардың зерттеу, шығармашылық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту;
- білім алушыларды зияткерлік және шығармашылық дамыту;
- жастардың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру;
- Қазақстандық патриотизмді және белсенді азаматтық ұстанымды ынталандыру.

Көрнекілігі: Н.Ә. Назарбаев – суреті, ел рәміздері, тақырыптық суреттер, жүрекшелер, нақыл сөздер

Сабақтың барысы: *Ұйымдастыру кезеңі*

Мұғалім : Сәлеметсіздер ме, құрметті оқушылар, Білім күніне қош келдіңіздер!

Аспаны ашық еліміздің,
Көркі сұлу жеріміздің,
Біз - бақытты баламыз!
Ақпыз, қара, сарымыз,
Ағайынбыз бәріміз!

-Балалар, мен сіздерге бір сұрақ қойғым келіп тұр.

-Айта қойыңдаршы, біздің еліміз қалай аталады? (Қазақстан)

- Қазақстан біздің - еліміз, Отанымыз.

Ендеше бүгінгі білім сабағымыздың тақырыбы «Мен елімнің кішкентай патриотымын!» деп аталады.

Біздің еліміз- егемен ел.

Әрбір егемен елдің өзіне тән мемлекеттік рәміздері болады. Оған Ту, Елтаңба және Әнұран жатады. Қазақстан Республикасының азаматтары сондай-ақ, елімізде тұрып жатқан кез келген адам Мемлекеттік Туды, Елтаңбаны және Әнұранды құрмет тұтуға сонымен қатар, Әнұранды жатқа білуге міндетті. Олай болса сіздерді Әнұранды шырқауға шақырамын. (Әнұран орындалады)

- Қазақстан Республикасы қандай мемлекет?
- Қазақстан Республикасының президенті кім?
(Біздің еліміздің президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.)
- ҚР-ның астанасы қалай аталады? Астана
- Сіздер қайда тұрасыздар? (Капитоновка ауылында)

Өте жақсы.

- Патриот деген сөзді қалай түсінесіздер? Патриот деген кім?
(жауаптары тыңдалады)

Патриот - өз елін қорғайтын, мемлекетінің тіліне, мәдениетіне, тарихына, ұлттық құндылықтарына атсалысатын адам.

- Өз туып-өскен жерін, ауылын, қаласын жақсы көретін адам;
- Өз елінің тарихын білетін және ата-бабаларымен мақтанатын адам;
- Өз тілін білетін және сақтайтын адам;
- Өз Отанын қорғауға әрқашан дайын адам;
- Елі мен жері үшін күші мен қабілетін, дарынын аямайтын адам;
- Өз болашағын туған жерімен байланыстыратын, өз-өзіне сенімді адам.

Біз ең алдымен өз отбасымызды, ауылымызды жақсы көріп, қамқор болуымыз керек. Ауылымыздың тарихын біліп, оның табиғатын қорғауымыз керек. Өз отбасын, туып-өскен ауылын жақсы көрген адам елінің патриоты бола алады.

Қортынды: Сабағымызды жақсы оқып, еліміздің адал, еңбекқор азаматы болайық. Ер жетіп еліміздің одан әрі көркеюіне, гүлденуіне өз үлесімізді қосайық.

Белгілі ақын атамыз **Жұбан Молдағалиев:**

Өткеніңді еске алсаң,

Өскеніңнің белгісі.

Өткеніңді ұмытсаң,

Өшкеніңнің белгісі,

— деген екен. Сондықтан, халқымыздың бүгінгі уақытқа дейінгі жеткен жетістіктері өздеріңе аманат. Сондай-ақ, еліміздің егемендігін танытатын ресми ерекшелік белгілері: **Ана тіліміз, Елтаңбамыз, Туымыз, Атазаңымыз, Әнұранымызды** бойындағы бойтұмарындай сақтап қана қоймай, қашанда еліміздің, жеріміздің еркіндігін сақтап мықты ұрпақ, мықты азамат болатындарыңа сенімім мол. Еліміздің жанашыр патриоты болайық.

Жақсылық –рефлексия

(Балаларды ортаға шақырып, шеңбер құрастыру)

– Менің қолымда ақ түсті бір шүйке жіп. Қазір мен оны шеңбер бойы жіберемін. Қолға түскен жіпті саусаққа орап, алысқа жетелейтін армандарыңды тілеңдер. (Жіп мұғалімге келеді.)

– Бізбен жіп не істеді?

– Қалай ойлайсыңдар, бұл жақсылықтың белгісі ме? (Балалардың пікірі)

– Дұрыс, жіп бізді біріктірді. Әрқашанда бірге болуымыз керек, бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Бір шаңырақ астында тату өмір сүруіміз керек. Мектепте болып жатқан әр түрлі шаралардан қалыспауға, өзіміздің үлесімізді қосуға ұмтыламыз. Қазақ халқының дәстүрін, тілін құрметтеп, еліміздің өсіп-өркендеуі жолында тынбай еңбек еткенде ғана, еліміз де көркейіп, гүлденеді.

